

С.А. Нуржанова¹, А.С. Стамбекова², П.Б. Сейітқазы³

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

³Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

(E-mail: sajila@mail.ru, stambekova_81@mail.ru, perizatbs@mail.ru)

Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдары

Аңдатпа. Мақала білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын көрсетуге арналған. Мақалада болашақ мамандардың «soft skills» дамыту мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасалды. «Soft skills» (ікемді дағдылар) түрлері мен олардың сипаттамасы берілді. Мақалада «Soft skills» дағдылардың келесідей жіктелуі ұсынылды: қарым-қатынас қабілеті, шығармашылық, аналитикалық ойлау, сыни тұрғыдан ойлау, ікемділік, пайымдау және шешім қабылдау, өзін-өзі бақылау, жоспарлау, зерттеу дағдылары, ақпараттық ортада – интернеттің цифрлық ортасында жұмыс істеу дағдылары. Болашақ бастауыш педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын анықтау мақсатында 7M01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша оқытын магистранттарынан алынған сауалнаманың мазмұны беріліп, оның нәтижесі сипатталды. Сауалнама нәтижесі бойынша болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамытудың жолдары анықталды. Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдары: магистранттардың білім беру бағдарламасына «Soft skills» дамыту технологиясы» таңдау пәнін еңдіру, жұмыс берушілермен кездесулер өткізу, университет көлемінде байқаулар өткізу, инновациялық әдістерді (тренинг, ментворкинг, жоба), веб-ресурстарды (цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық әдістер) қолдану.

Түйін сөздер: soft skills, болашақ бастауыш сынып педагогтері, ікемді дағдылар, «soft skills» дамыту жолдары, цифрлық трансформация, білім беру.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-145-4-185-197>

Кіріспе

Бүгінгі жылдам өзгеріп жатқан жаһандану заманында жұмыс берушілер болашақ мамандардың бойында кез келген ортаға бейімделе алу қабілетінің, коммуникативті және өзара әрекеттесе алу және т.б. ікемді дағдылардың болуын талап етеді. Осыған орай, қазіргі жаңа уақыт жоғары білім беру жүйесіне, мамандарды дайындауға жаңа міндеттер қойып отыр. Біздің күнделікті өмірімізге «болашақ дағдылары», «цифрландыру», «білім беру тенденциялары», «soft skills», «hard skills» сияқты терминдер кеңінен енуде.

«Soft skills» мәселесін зерттеудің өзектілігі динамикалық инновациялық процестермен сипатталатын қоғамдық дамудың қазіргі кезеңінде жас маманның қабілеттеріне деген көзқарастың өзгеруімен байланысты. Жұмыс берушілер болашақ мамандардың мүмкіндіктері деп, қазіргі цифрландыру контекстінде ешбір «ақылды» роботтармен

алмастыра алмайтын когнитивті емес, «soft skills», яғни икемді дағдыларды қарастырады, сондықтан осындай дағдыға ие мамандарға деген сұраныс жоғары.

Соңғы онжылдықта жүргізілген зерттеулер жас мамандар үшін тек кәсіби күзiреттiлiктер ғана емес, сонымен қатар қосымша бiлiмдер мен дағдылардың маңызды екенiн көрсеттi, бұл дағдылар мен бiлiмдер жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына iшiнара ғана енгiзiлген.

Еңбек нарығындағы соңғы зерттеулерге сәйкес жұмыс берушiлердiң «iкемдi дағдыларға» қызығушылығы артып келедi, Еуропаның 16 елiндегi жұмыс берушiлердiң 93%-ы «soft skills» немесе «iкемдi» дағдыларды кәсiби тәжiрибе мен дағдылар сияқты маңызды деп санайды.

Бұл экономикадағы, бiлiм беру саласындағы өзгерiстерге, яғни индустриялық қоғамның ақпараттық цифрлық технологияларға басымдылық беруiмен байланысты.

Түрлi елдердiң ғалымдары iкемдi дағдыларды дамытуды жақын арада ұлттық кадрлық саясатты қалыптастыратын тенденциялардың бiрi ретiнде сипаттап, түпкiлiктi күзiреттiлiк - тұтастықты көре бiлу және күрделi жағдайларда заңдылықтарды анықтау, дұрыс қарым-қатынас жасап, командалық жұмысқа тартылу ролiнiң артып келе жатқанын атап өтедi.

«Soft skills» терминi динамикалық өзгерiп отырған әлемдегi негiзгi трендтердiң бiрi болып табылады. Дегенмен, оның танымалдығына қарамастан, әмбебап түсiнiк әлi жоқ. Ағылшын тiлiнен аударғанда «soft skills» «жұмсақ» немесе «iкемдi» дағдыларды бiлдiредi.

«Soft skills» немесе «iкемдi» дағдылар – адамдарға басқалармен тиiмдi жұмыс iстеуге, кәсiби ортада тез және оңай бағдар жасауға және өз мақсаттарына жетуге көмектесетiн дағдылардың, күзiреттердiң және жеке қасиеттердiң кең ауқымын қамтиды.

Шетел ғалымдары Matthias Galster, Antonija Mitrovic, Sanna Malinen, Jay Holland, Pasan Peiris зерттеулерiнде «soft skills», iкемдi дағдыларды жеке даму, әлеуметтiк қарым-қатынас және кәсiби саласында табысқа жету үшiн қажеттi тұлғааралық (әлеуметтiк - эмоционалды) дағдылар деп анықтайды [1].

Бұл зерттеушiлер Жаңа Зеландиядағы мамандардың «soft skills» анықтап, сипаттамасын бередi. Берiлген нәтижелердi 1-кестеден көруiмiзге болады.

Кесте 1

Икемді дағдылар мен олардың сипаттамасы

Икемді дағдылар	Сипаттамасы
Аналитикалық	Сыни тұрғыдан ойлау, әртүрлі ақпарат түрлерін және түрлі көздерден алынған ақпаратты талдау қабілеті
Ынтымақтастық	Басқа адамдармен ортақ мақсатқа қарай ұжымдық ілгерілеуге арналған қасиеттер мен күзiреттер
Байланыс (жалпы)	Басқалармен «екі жақты процесте», яғни ақпарат алмасу («жіберу» және «алу») арқылы байланысу қабілеті
Қарым-қатынас (ауызша)	Ауызша түрде (мысалы, ресми презентацияларда немесе бейресми сұхбаттарда) әртүрлі нысандарда ақпарат алмасу мүмкіндігі
Қарым-қатынас (жазбаша)	Түрлі жазба нысандарында ақпарат алмасу («жіберу» және «алу») мүмкіндігі (мысалы, ресми презентацияларда немесе бейресми әңгімелерде)
Мәдени хабардарлық	Басқа мәдениеттер мен мәдени сәйкестіктерді білу және қабылдау, толеранттық
Креативтілік	Жаңа инновациялық жобаларды жасау үшін біртуар идеяларды елестету және жасау қабілеті
Бейімділік	Әртүрлі әлеуметтік, бiлiм беру, кәсiби және этникалық топтар мен әртүрлі жыныстағы адамдармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі

Икемді дағдылар	Сипаттамасы
Эмпатия	Басқа адамның жан-күйін түсіну немесе сезіну қабілеті (танымдық, эмоционалды және жанашырлықпен)
Тәуелсіздік	Басқа адамның, топтың немесе ұйымның ықпалынсыз немесе бақылауынсыз әрекет ету мүмкіндігі
Тұлғааралық	Жеке тұлғалармен немесе жеке адамдар тобымен қарым-қатынас жасау, олармен қарым-қатынас орнату немесе қарым-қатынасқа қатысу мүмкіндігі
Көшбасшылық	Топтың, ұйымның немесе қауымдастықтың басқа мүшелеріне, соның ішінде жоба, бизнес, тәжірибе және технологиялық көшбасшылыққа әсер ету және бағыттау, ынталандыру және шабыттандыру мүмкіндігі
Тыңдай алушылық	Басқа адамдардан (ішкі және сыртқы) ақпаратты пайымдаусыз, сынсыз қабылдай алу алу мүмкіндігі
Тәлімгерлік	Басқа адамдармен немесе топтармен мағыналы қарым-қатынастар құру мүмкіндігі
Келіссөздер	Адамдармен қарама-қайшылықтарды шешуде келісімге жету үшін тиімді келіссөздер жүргізу мүмкіндігі
Мәселені шешу	Мәселені анықтау және өлшеу, мәселені талдау және соңында мәселені шешу арқылы «проблеманың» неліктен пайда болғанын және оны шешу жолын анықтау мүмкіндігі
Команда	Әңгімелесу, жобалар, кездесулер немесе басқа ынтымақтастықтар кезінде тиімді жұмыс жасау мүмкіндігі

Sánchez Soto және оның әріптестері Трухильодағы жеке университетінде білімалушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мен икемді дағдыларды дамыту арасындағы байланысты анықтауға бағытталған зерттеу жұмысын жүргізген [2].

Y.N. Romanenko микрооқыту әдісін ЖОО білімалушылардың икемді дағдыларын дамыту құралы ретінде келесі критерийлерді пайдаланды:

1. Оқыту мақсаттарына микрооқыту әдісі арқылы қол жеткізу.
2. Микрооқыту әдісі арқылы дараландырудың жоғары деңгейіне жету.
3. Оқу процесі қызықты, белсенді, икемді және білімалушыға бағытталуы.
4. Әдістің білімалушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуі.
5. Әдісті қол жетімді технологиялар мен ресурстар болған кезде қолдану.

Y.N. Romanenko ЖОО білімалушылардың икемді дағдыларын дамытуда оларға практикалық тапсырмалар ретінде кейстер, шығармашылық тапсырмалар, әртүрлі тест түрлері, Міро және Jam Board топтық жұмысы, эссе жазу, рефлексия ұсынған. Микрооқытуды білімалушылармен өзара әрекеттесудің екі негізгі жолы арқылы өткізді: Moodle платформасында білімалушылар жеке тапсырмалар мен тест орындап, кері байланыс алып отырған және Telegram мессенджер арқылы білімалушылар толық ақпарат алып отырды (тапсырмалар жарияланды, сауалнамалар ұсынылды, білімалушылар өзара пікір алмасты, тапсырмаларды орындады және оқытушымен топтық және жеке жұмыстар орындады) [3].

S.Andreas АҚШ-та макроәлеуметтік деңгейде әлеуметтік капиталдың төмендеуі колледж түлектерінің икемді дағдыларының қалыптасуына теріс әсер етеді деген гипотезасын дәлелдеп, «soft skills», икемді дағдылардың білімалушының кәсіби әрекетіндегі маңызын көрсеткен [4].

A.S.Novais, J.A.Matelli, M.B.Silva оқытушыларға, зерттеушілерге белсенді білім беру барысында білімалушылардың икемді дағдыларының даму деңгейін бағалауға көмектесетін нұсқаулықтар ұсынды. Жоғары оқу орындарында білімалушылардың икемді дағдылары сияқты субъективті және мінез-құлық компоненттерін бағалаудағы кездесетін

қиындықтарын саралады. Сонымен қатар белсенді оқыту арқылы білімалушылардың «soft skills» бағалау әдістерін көрсетті [5].

M. Chekouг цифрлық дәуірдегі мұғалімдерге бастауыш мектептен бастап оқушылардың қатты дағдыларымен қатар икемді дағдыларды нығайту әдістерін қолдану қажеттігіне баса назар аударды.

Өйткені дағдылардың бұл екі түрі де еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие. Ол мектеп оқушыларының «soft skills» дамыту үшін мұғалімдердің кәсіби біліктері жоғары деңгейде болуын талап етіп, бастауыш сынып мұғалімдеріне тұлғааралық дағдыларды дамыту үшін арнайы бағдарлама негізіндегі аралас оқыту курсы әзірледі [6].

Doherty O., Stephens S. қатты және икемді дағдылардың қажеттіліктерін сипаттап, жоғары білім және кәсіпорын арасындағы қарым-қатынасты нығайту қажеттігін атап көрсетті. ЖОО-нің білімалушыларының «soft skills» дамытуда жұмыс берушілердің қажеттіліктерін, сұраныстарын ескере отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру мәселесін қарастырды [7].

Ouchen L., Tifroute L., El Hariri K. «soft skills», икемді дағдыларды балаларға стрессті, әлеуметтік қысымды немесе сәтсіздіктерді жеңуге көмектесетін, қоршаған ортамен қарым-қатынасын оңды басқаруға мүмкіндік беретін, олардың психоәлеуметтік дағдыларын нығайта алатын белсенді әдіс ретінде қарастырады. Олар мұғалімдерге бастауыш сынып оқушыларының «soft skills» тұлғааралық қарым-қатынас арқылы дамытуға кеңес береді [8].

«Soft skills» зерттеген келесі ғалымдар Татаурщикова Д. [9], Яркова Т.А. [10], Шайхутдинова Х.А. [11] болашақ мамандарда «soft skills» дамытудың ерекше маңыздылығын атап өтті. Авторлар айтуынша, бір жағынан, табысқа жету үшін «hard skills» немесе «қатты» дағдылар деп атайтын жоғары кәсіби дағдылардың белгілі бір жиынтығы қажет деп көрсетсе, екінші жағынан, икемді дағдыларды қарым-қатынас және басқалармен өзара әрекеттесуін арттыратын, табысқа жетуге мүмкіндік беретін қабілеттер деп есептейді.

Қазақстанда «soft skills» мәселелерін Сардарова Ж.И. [12], Серикова Ж.М. [13], Аяпбергенова А.Ж., Бапаева С.Т., Нуркасинова Л.М., Құлымбаева А.К. [14], Абишева А.Е., Ералина Э.М. [15], Makhmetova D., Созер М.А. [16] зерделеген.

Аталған мәселе бойынша ғылыми зерттеулерді талдау нәтижесінде «soft skills» деп аталатын – «икеімді» дағдылар төмендегідей жіктелетінін анықтадық.

1. Қарым-қатынасқабілеті (бірлесіп жұмыс істеу қабілеті, басқаларменынтымақтастыққа дайын болу, басқалардың пікіріне төзімділік, тұлғааралық қарым-қатынас жасау қабілеті, байсалдылық, жанжалдарды басқара білу, келіссөздер жүргізу дағдылары);

2. Шығармашылық (жаңа, бірегей, өнімдер жасай білу);

3. Аналитикалық ойлау (ақпаратты талдай білу және шешім қабылдау үшін логиканы пайдалану);

4. Сыни тұрғыдан ойлау (ақпаратқа, оның ішінде өзінің сеніміне де күмән келтіру қабілеті);

5. Икемділік (өзгермелі жағдайларға бейімделе алу, стандартты емес ойлау қабілеті, үйреншікті мінез-құлық үлгілерінен тыс шығу);

6. Пайымдау және шешім қабылдау (баламаларды анықтау және шешім қабылдаушының құндылықтары мен қалаулары негізінде таңдау жасау мүмкіндігі);

7. Өзін-өзі бақылау (әртүрлі іс-әрекеттер мен қарым-қатынаста өзін-өзі тиімді басқару сапалары мен қабілеттерінің синтезі);

8. Жоспарлау (алға қойған мақсаттарға жету үшін ресурстарды оңтайлы бөлу мүмкіндігі, мақсат, міндеттерді қоя білу және оларды болашақта жүзеге асыру үшін іс-әрекеттер жасау қабілеті);

9. Зерттеу дағдылары (зерттеу әрекетін ұйымдастыратын және жаңа білімге жетелейтін интеллектуалды және эмпирикалық жұмысқа жету үшін жұмыстың синтезі);

10. Ақпараттық ортада – интернеттің цифрлық ортасында жұмыс істеу дағдылары (интернеттің цифрлық ортада қажетті ақпаратты таба білу).

Сонымен, бұл қасиеттер «soft skills» не «икемді» дағдылардың жиынтығы ретінде анықталады және оларды меңгеру болашақта маманның кәсіби қызметте табысты болуына әсер етіп, қазіргі тез өзгеретін қоғамда сәтті жүзеге асыруға көмектеседі.

Икемді дағдылар, «soft skills» дәстүрлі мағынадағы кәсіби дағдыларға қарағанда, белгілі бір кәсіпке емес, тұлғаның жеке қасиеттерімен және қарым-қатынасымен тығыз байланысты.

«Soft skills», икемді дағдылар туралы шетелдік және отандық ғалымдар еңбектеріне талдау жасау болашақ бастауыш білім педагогтерінде аталған дағдыларды дамыту қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік берді.

Мақаланың мақсаты: болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын анықтау.

Бұл мақсат келесі міндеттермен анықталады:

- болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын анықтауға бағытталған сауалнама алу;

- болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын іріктеу.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын анықтадық.

Зерттеу әдістері

Бүкіл әлемде цифрлық трансформацияны, оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану және білім беруде электрондық оқытуды пайдалану бойынша зерттеулер 90-шы жылдардан бастап зерттеліп келеді. Электрондық оқытудың басталуы Солтүстік Америка мен Еуропада зерттеліп, белсенді дамыды. Сонымен қатар, Азия елдері әсіресе Корея, Сингапур, Жапония және Қытай білім беруді цифрлық трансформациялау мәселесіне назар аударылды және интернет қосымшаларын әзірлеп оларды оқу үдерісінде пайдалану бойынша көптеген зерттеулер жүргізді.

KERIS «Кореяның білім беруіндегі акт» еңбегінде Кореяда білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесін ұсынды. Сонын негізінде білім беру ұйымдары туралы ақпаратты ашуға рұқсат етілген оқу орындарының саны ұлғайды. Құжаттарды электрондық жеткізу қызметі жақсартылып, ол арқылы педагогтер, зерттеушілер білім беру, зерттеу саласына қатысты ақпараттармен еркін алмаса бастады [17]. Қазіргі кезде корейның барлық жоғарғы оқу орындарының білім беру саласы толығымен цифрлық трансформация жағдайында жұмыс жасап, бірыңғай цифрлық платформаны құру үшін жұмыс істеуде.

Tri Nguyen Minh, Hoang Pham Duy Вьетнамның жоғары білім беру саласына цифрлық трансформацияның әсерін сипаттаған. Олардың ойларына цифрлық трансформация - дамудың жаңа тенденциясы ғана емес, дәстүрлі оқыту әдісін білімалушылардың белсенді және креативті болуына көмектесетін жаңа инновациялық оқыту әдісімен алмастыруға көмектесетін жүйе. Яғни, қалыптасқан дәстүрлі аудиториялық моделінен дәрістер саны азайған және білімалушылардың креативтілігін, шығармашылығын, оқуға қабілетін дамыту үшін оқытудың ақпараттық технологияларын қолданатын білім беруге біртіндеп көшу. Бұл жағдайда білімалушылар өздеріне ыңғайлы уақытта және кез-келген жерде оқуға мүмкіндік алады және оқу процесінде белсенділік танытып, қоғамның жақсаруына өздерінің үлестерін қосады [18].

Thuy T. цифрлық трансформацияны – «үлкен деректер (Big Data), заттар интернеті (IoT), бұлтты есептеу (Cloud) сияқты жаңа технологияларды қолдана отырып, дәстүрлі модельден цифрлық модельге көшу процесі жұмыс әдісін, басшылықты, жұмыс процесін және корпоративтік мәдениетті өзгерту» - деп түсінеді [19].

Қазіргі кездегі білім беру мен оқытудағы цифрлық трансформация екі негізгі бағытқа бағытталған: білім беруді басқарудағы цифрлық трансформация және оқыту, тестілеу, бағалау және ғылыми зерттеулердегі цифрлық трансформация.

Менеджменттегі цифрлық трансформация - бұл басқару ақпаратын цифрландыру, үлкен мәліметтер базасының өзара байланысты жүйелерін құру, мемлекеттік онлайн-сервистерді енгізу, басқару, пайдалану, болжау, барлық деңгейдегі көшбасшыларды қолдау үшін 4.0 технологияларын (блокчейн, деректерді талдау) қолдану.

Оқытудағы, тестілеудегі және бағалаудағы цифрлық трансформация - бұл материалдарды цифрландыру (электронды оқулықтар, электронды дәрістер, электронды дәрістер, пән бойынша сұрақтар банктері), цифрлік кітапханалар, зертханалар, виртуалды эксперименттер, онлайн оқыту жүйесін ұйымдастыру; оқытудың барлық әдістерін, сыныпты басқару әдістері мен технологияларын цифрлік технологияларға аудару, білімалушылармен өзара әрекеттесуде сандық кеңістік, табысты оқытуды ұйымдастыру үшін ақпараттық технологияларды пайдалану. Цифрлық трансформациялауға арналған қосымшалар жаңа интеллектуалды білім берудің моделін жасауға жағдай туғызып, білімалушылардың «soft skills» дамыту үшін оқуды және білімді игеруді жеңілдетеді. Білімалушылардың уақыт пен кеңістікте шектеусіз білім алу мен өзін-өзі оқытуға қабілеттілігін дамытуға қолайлы жағдай жасады. Қазіргі уақытта білім берудегі цифрлық трансформация үш негізгі формада қолданылады: оқыту әдістеріндегі технологиялар, ақылды сыныптар, оқытудағы бағдарламалау.

Жоғарыда берілген материалдарға сүйене отырып, біз білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын анықтау үшін сауалнама құрастырып, оны білімалушыларға бердік.

Болашақ бастауыш педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын анықтау мақсатында 7M01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша оқитын магистрантарынан сауалнама алынды. Сауалнамаға 1,2 курстың 107 магистранттары қатысты.


Магистранттарға берілген сауалнама сұрақтары:

1. Қазіргі уақытта сізде қандай soft skills (икемді дағдылар) бар деп ойлайсыз?
2. Өзіңізді өз салаңыздың кәсіби маманы ретінде көрсету үшін қандай soft skills маңызды деп санайсыз? Сіздің ойыңызша, қазіргі еңбек нарығында жұмыс берушілер мамандардан қандай «soft skills» талап етеді?
3. Сіз оқытушылардың сіздің «soft skills» дамыту үшін қандай әдістерді қолданғанын қалайсыз?
4. Өзіңіздің «soft skills» дамыту үшін білім беру бағдарламаңызға қандай бағыттағы пәндерді қосар едіңіз?
5. Сіз өзіңіздің «soft skills» қандай жолдармен дамытқыңыз келеді?

Талқылау мен нәтижелер

Магистранттардың өз бойында қандай «soft skills» бар екендігін білу мақсатында оларға «Қазіргі уақытта сізде қандай soft skills (икемді дағдылар) бар деп ойлайсыз?» деген сұрақ қойылды. Берілген «soft skills» ішінен өзіне қатыстысын белгіле: қарым-қатынас дағдылары, шығармашылық, аналитикалық ойлау, сыни тұрғыдан ойлау, икемділік, шешім қабылдау, өзін-өзі бақылау, жоспарлау, бейімделу, зерттеушілік, тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары.


Нәтижесінде магистранттардың 52% қарым-қатынасты, 40% шығармашылықты, 46% аналитикалық ойлауды, 32% сыни тұрғыдан ойлауды, 31% икемділікті, 41% шешім қабылдауды, 52% өзін-өзі бақылауды, 39% жоспарлауды, 46% бейімделуді, 58% зерттеушілік, 27% тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын белгіледі. Сұрақ нәтижесі 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Сауалнаманың 1-сұрағының көрсеткіші

Магистранттар бастауыш білім беру саласында жұмыс істеу үшін қандай икемді дағдыларды маңызды деп санайтынын анықтау барысында, оларға «Өзіңізді өз салаңыздың кәсіби маманы ретінде көрсету үшін қандай «soft skills» маңызды деп санайсыз және қазіргі еңбек нарығында жұмыс берушілер мамандардан қандай «soft skills» талап етеді?» деген сұрақ қойылды.


Рецензенттердің 96% қарым-қатынасты, 85% шығармашылықты, 54% аналитикалық ойлауды, 63% сыни тұрғыдан ойлауды, 76% икемділікті, 82% шешім қабылдауды, 87% өзін-өзі бақылауды, 98% жоспарлауды, 92% бейімделуді, 98% зерттеушілікті, 76% тұлғааралық қарым-қатынасты, 65% топтық жұмыс жасау, 100% ақпараттық ортада жұмыс істеу дағдыларын таңдаған. Сұрақ нәтижесі 2-суретте ұсынылған.



Сурет 2. Сауалнаманың 2-сұрағының көрсеткіші

1 және 2 сұрақтарының нәтижесі бойынша магистранттар өз бойындағы икемді дағдыларының жеткіліксіз деңгейде дамығандығын және болашақта оларға бастауыш сынып мұғалімі ретінде қажет болатын икемді дағдыларды білетіндерін көрсетті. Сонымен қатар жұмыс берушілердің мамандардан көрсетілген икемді дағдылардың барлығын талап ететінін түсінетіндерін аңғартты. Бұл олардың өз бойларында мамандықтарына қажетті «soft skills» дамуын қажет ететіні байқатады. Яғни олардың қарым-қатынас, шығармашылық, аналитикалық ойлау, сыни тұрғыдан ойлау, икемділік, шешім қабылдау, өзін-өзі бақылау, жоспарлау, бейімделу, зерттеушілік, тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту бойынша арнайы жұмыстар жүргізу қажеттігі туындады.

Магистранттардың «soft skills» дамыту үшін ең тиімді әдістерін анықтау үшін «Сіз оқытушылардың сіздің «soft skills» дамыту үшін оқыту барысында қандай әдістерді қолданғанын қалайсыз?» сұрағы берілді. Респонденттердің 98 % тренингті, 94 % жобаны, 63 % рөлдік және іскерлік ойындарды, 48 % дөңгелек үстелді, 37 % кейс зерттеуді, 25 % шағын топпен жұмысты, 100 % цифрлық платформаларды жазған. Сұрақ нәтижесі 3-суретте ұсынылған.




Сурет 3. Сауалнаманың 3-сұрағының көрсеткіші

Нәтижесінде магистранттардың «soft skills» дамытуда әдістердің ішінде ең тиімді әдістері анықталды: тренинг, жоба, ментворкинг, цифрлық платформа.

Өзіңіздің «soft skills» дамыту үшін білім беру бағдарламаңызға қандай бағыттағы пәнді қосар едіңіз? Қажетті бағытты белгілеңіз; шешендік өнер, уақытты басқару, көшбасшылық, этикет, конфликтология, компьютерлік курстар, қарым-қатынас өнері, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, тимбилдинг, басқа (өз ұсынысыңыз).

Сауалнамаға қатысушылардың 12 % шешендік өнер, 5% уақытты басқаруды, 17% көшбасшылықты, 14% этикетті, 21% конфликтологияны, 41% компьютерлік курстарды, 10% қарым-қатынас өнерін, 6% есте сақтауды, ойлау қабілеттерін дамытуды, 9% тимбилдингті белгілесе, басқа жауап (өз ұсынысыңыз) ретінде «soft skills (икемді дағдылардың) барлық түрлерін қамтитын бір пән» деп магистранттардың 86%-ы ұсыныс ретінде жазды. Сұрақ нәтижесі 4-суретте ұсынылған.



Сурет 4. Сауалнаманың 4-сұрағының көрсеткіші

4 сұрақтың нәтижесі бойынша магистранттарға «soft skills» дамыту бойынша арнайы курс қажет екендігін анықталды.

Білімалушылардың «soft skills» дамыту жолдарын анықтау мақсатында респонденттерге «Сіз өзіңіздің soft skills қандай жолдармен дамытқыңыз келеді? Өз ұсыныстарыңызды жазыңыздар» деген сұрақ қойылды. Респонденттер бұл сұрақ бойынша төмендегідей ұсыныстар берді:

- конференцияларға қатысу;
- жобалық әрекет орындау;
- тренингтерге қатысу;
- қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысу;
- веб-ресурстар арқылы онлайн білім алу;
- халықаралық тәжірибе алмасу;
- қосымша білім алу;
- топтық жұмыс жасау;
- арнайы курс бойынша білім алу;
- жұмыс берушілермен кездесулерге қатысу;
- университет көлемінде ұйымдастырылатын байқауларға қатысу;
- инновациялық әдістер арқылы «soft skills» туралы ақпарат алу.

Сауалнама нәтижесі бойынша болашақ бастауыш педагогтерінің дамытудың келесідей жолдары анықталды:

- магистранттардың білім беру бағдарламасына «Soft skills» дамыту технологиясы» таңдау пәнін ендіру;
- жұмыс берушілермен кездесулер өткізу;
- университет көлемінде байқаулар өткізу;
- инновациялық әдістерді қолдану;
- веб-ресурстар арқылы болашақ бастауыш педагогтерінің «soft skills» дамыту.

Қорытынды

Зерттеу жұмысында болашақ мамандарда «soft skills» дамыту мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық және қолданбалы зерттеулеріне шолу жасалды. Ғылыми зерттеулерді талдау нәтижесінде «soft skills» сипаттамасы және жіктемесі ұсынылды.

«Soft skills» дәстүрлі мағынадағы кәсіби дағдылардан («hard skills») айырмашылығы, нақты кәсіптің сипаттамаларына тәуелді емес және тұлғаның жеке қасиеттері мен көзқарастарды (өзгермелі жағдайларға бейімделе алу, стандартты емес ойлау қабілеті, икемділік, өзін-өзі басқару және меңгеру) және әлеуметтік дағдыларды (қарым-қатынас, тыңдау, командалық жұмыс, эмоционалдық интеллект), шеберлікті (тайм-менеджмент, көшбасшылық, проблеманы шешу, цифрлық ортада жұмыс істеу дағдылары, сыни тұрғыдан ойлау) қамтитын икемді дағдылар жиынтығы ретінде анықталды.

Болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамытудың келесідей жолдары анықталды: магистранттардың білім беру бағдарламасына «Soft skills» дамыту технологиясы» таңдау пәнін ендіру, жұмыс берушілермен кездесулер өткізу, университет көлемінде байқаулар өткізу, инновациялық әдістерді қолдану (тренинг, ментворкинг, жоба), веб-ресурстар арқылы (цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық әдістер).

Анықталған болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдары бойынша алдағы уақытта 7M01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының магистранттарымен жұмыстар жүргізіледі.

Қаржыландыру

Жүргізілген зерттеу Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 95 жылдығына арналған ректор грантына оқытушылар мен қызметкерлердің ғылыми-зерттеу жобалары конкурсы, мемлекеттік тіркелу нөмірі 0123РКИ0161 «Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ бастауыш педагогтерінің «soft skills» дамыту» (28.03.2023 ж. № 09-02-55/267 келісім-шарт) жобасының аясында орындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Matthias Galster, Antonija Mitrovic, Sanna Malinen, Jay Holland, Pasan Peiris, Soft skills required from software professionals in New Zealand // Information and Software Technology. – 2023. – Vol.160
2. Sánchez Soto, J.M., Silva Infantes, M., López Gómez, H.E., Dávila-Morán, R.C., Anticona-Valderrama, D.M. Information and communication technologies and the development of soft skills in university students | las tecnologías de la información y comunicación y el desarrollo de habilidades blandas en estudiantes universitarios // Universidad y Sociedad. – 2023. – Vol.15.– No.3. – P. 207-213.
3. Romanenko Y.N., Solodovnikova E., Maksimenko N. Microlearning as a new method of teaching soft skills to university students // Frontiers in Education. – 2023. – Vol. 8.
4. Andreas S. Effects of the decline in social capital on college graduates' soft skills // Industry and Higher Education. – 2023. – Vol. 32. – No.1. – P. 47–56.
5. Novais A.S., Matelli J.A., Silva M.B. Fuzzy Soft Skills Assessment through Active Learning Sessions // International Journal of Artificial Intelligence in Education. – 2023.
6. Chekour M., Zaoui Seghroucheni Y., Elomari D., El Morabit N., El-hassouny E. Design of Blended Learning Course Based on SPOC for Primary School Teachers: Case of Soft Skills // Lecture Notes in Networks and Systems. – 2023. Vol. 625. – P. 127–137.
7. Doherty O., Stephens S. Hard and soft skill needs: higher education and the Fintech sector // Journal of Education and Work. – 2023. – Vol. 36. – No.3. – P 186–201.
8. Ouchen L., Tifroute L., El Hariri K. Soft Skills Through the Prism of Primary School Teachers // European Journal of Educational Research. – 2022. – Vol. 11.– No.4. – P 2303–2313.
9. Татаурщикова Д. Soft skills. [Электрон. ресурс]. – 2023. – URL:<https://4brain.ru/blog/soft-skills/> (қараған күні: 11.07.2023).
10. Яркова Т.А. Формирование гибких навыков у студентов в условиях реализации профессионального стандарта педагога // Вестник Тюменского государственного университета. Гуманитарные исследования. Humanitates. – 2016. – № 4. – Том 2. – С. 222–234.
11. Шайхутдинова Х.А. Формирование soft skills в процессе подготовки студентов к успешной профессиональной деятельности // Поволжский педагогический вестник. – 2020. – Т. 8. – № 2(27). – С. 101.
12. Сардарова Ж.И. Білім алушылардың икемді дағдысын қалыптастыру. [Электрон. ресурс]. – 2023. – URL: http://taisoigan.kz/redaktordan/article_post/bilim-alushylardy%D2%A3-ikemdi-dagdysyn-k%CB%8Calyptastyru (қараған күні: 11.07.2023).
13. Серикова Ж.М. Білім берудегі XXI ғасыр дағдылары. [Электрон. ресурс]. – 2023. – URL:<https://bilinger.kz/112728/> (қараған күні: 11.07.2023).
14. Аяпбергенова А.Ж., Бапаева С.Т., Нуркасинова Л.М., Құлымбаева А.К. Пандемия жағдайында ЖОО-да «Скиллфолио» онлайн платформасының негізінде «Soft skills» біліктілігін дамыту» бағдарламасын енгізу тәжірибесі. «Теориялық және практикалық психологияның өзекті мәселелері» атты II халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы 24 ақпан, 2021 ж. [Электрон. ресурс]. – 2023. – URL:<https://pure.spbu.ru/ws/portalfiles/portal/76062811/pdf> (қараған күні: 11.07.2023).
15. Абишева А.Е., Ералина Э.М. Мягкие навыки бакалавра: анализ источников формирования в гендерном разрезе. – 2022. –С. 60-72. [Электрон. ресурс]. – 2023. – URL: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-1-60-72> (қараған күні: 11.07.2023)
16. Махметова Д., Созер М.А. Жоғары оқу орнында оқушылардың икемді дағдыларын қалыптастыру диагностикасы // Педагогика және психология. – 2022. – № 3(52). – С.34–42: DOI: 10.51889/8909.2022.66.51.004 [Электрон. ресурс]. – 2023. – URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/998> (қараған күні: 11.07.2023)

17. KERIS. 2015 White Paper on ICT in Education Korea. Korea: Sungbin Lim. 2016.
18. Tri Nguyen Minh, Hoang Pham Duy The Impact of Digital Transformation in Higher Education: The Case Study from Vietnam// Journal of Higher Education Theory and Practice. – 2023. – Vol. 35. – No.5. – P. 17-26.
19. Thuy T. What is digital transformation and how important is it in this day and age. [Электрон. пәсұр]. – 2023. – URL: <https://dantri.com.vn/suc-manh-so/chuyen-doi-so-la-gi-va-quan-trongnhu-the-nao-trongthoi-dai-ngay-nay-20190814121247843.htm> (қараған күні: 11.07.2023)

С.А. Нуржанова¹, А.С. Стамбекова¹, П.Б. Сейітқазы²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

²Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева Астана, Казахстан

Пути развития «soft skills» будущих учителей начального образования в условиях цифровой трансформации образования

Аннотация. Данная статья посвящена выявлению путей развития «soft skills» будущих педагогов начального образования в условиях цифровой трансформации образования. В статье проанализированы исследования отечественных и зарубежных ученых по проблеме развития «soft skills» будущих специалистов. Даны виды «мягких навыков» (гибких навыков) и их описание. В статье предложена классификация навыков «Soft skills» следующим образом: коммуникативные навыки, креативность, аналитическое мышление, критическое мышление, гибкость, умение рассуждать и принимать решения, самоконтроль, планирование, исследовательские навыки, навыки работы в информационной среде - цифровая среда интернета. С целью определения путей развития “soft skills” будущих педагогов начального образования было проведено анкетирование магистрантов, обучающихся по образовательной программе 7M01301 - педагогика и методика начального образования. В статье представлено содержание опроса и описаны его результаты. По результатам анкетирования были даны пути развития «soft skills» будущих педагогов начального образования. Пути развития «soft skills» будущих учителей начального образования в условиях цифровой трансформации образования: внедрить в образовательную программу магистратуры элективный курс «Технология развития soft skills», провести встречи с работодателями, организовывать конкурсы в университете, развивающие «soft skills» магистрантов, использование инновационных методов (тренинги, ментворкинг, проекты), веб-ресурсов (цифровые и информационно-коммуникационные методы).

Ключевые слова: soft skills, будущие педагоги начальных классов, гибкие навыки, пути развития «soft skills», цифровая трансформация, образование.

S.A. Nurzhanova¹, A.S. Stambekova¹, P.B. Seitkazy²

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²LN Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Ways of development of future primary school teachers soft skills in the conditions of digital transformation of education

Abstract. This article is devoted to identifying ways to develop the “soft skills” of future primary education teachers in the context of digital transformation of education. The article analyzes the research of domestic and foreign scientists on the problem of the development of “soft skills” of future specialists. The article proposed the classification of “Soft skills” skills as follows: communication skills, creativity, analytical thinking, critical thinking, flexibility, reasoning and decision-making, self-control, planning, research skills, skills to work in the information environment. In order to determine the ways of developing the “soft skills” of future primary education teachers, a survey of undergraduates studying under the educational program 7M01301-pedagogy and methodology of primary education was conducted. The article presents the content of the survey and describes its results. According to the results of the survey, the ways of developing the “soft skills” of future primary education teachers were given. Ways of development of future primary school teachers soft skills in the conditions of digital transformation of education: to

introduce an elective course “Soft skills development Technology” into the master’s degree program, to hold meetings with employers, to organize competitions at the university that develop the “soft skills” of undergraduates, the use of innovative methods (trainings, mentoring, projects), web-based resources.

Keywords: soft skills, future primary school teachers, flexible skills, ways of developing “soft skills”, digital transformation, education.

References

1. Matthias Galster, Antonija Mitrovic, Sanna Malinen, Jay Holland, Pasan Peiris, Soft skills required from software professionals in New Zealand. *Information and Software Technology*. 2023. Vol.160
2. Sánchez Soto J.M., Silva Infantes M., López Gómez, H.E., Dávila-Morán, R.C., Anticonavalderama, D.M. Information and communication technologies and the development of soft skills in university students | las tecnologías de la información y comunicación y el desarrollo de habilidades blandas en estudiantes universitarios. *Universidad y Sociedad*. 2023. Vol.15.No.3. P.207-213.
3. Romanenko, Y.N., Solodovnikova, E., Maksimenko, N. Microlearning as a new method of teaching soft skills to university students. *Frontiers in Education*. 2023. Vol. 8.
4. Andreas S. Effects of the decline in social capital on college graduates’ soft skills. *Industry and Higher Education*. 2023. Vol. 32.No.1. P.47–56.
5. Novais A.S., Matelli J.A., Silva M.B. Fuzzy Soft Skills Assessment through Active Learning Sessions. *International Journal of Artificial Intelligence in Education*. 2023.
6. Chekour M., Zaoui Seghroucheni, Y., Elomari, D., El Morabit, N., El-hassouny E. Design of Blended Learning Course Based on SPOC for Primary School Teachers: Case of Soft Skills. *Lecture Notes in Networks and Systems*. 2023. Vol. 625. P. 127–137.
7. Doherty O., Stephens S. Hard and soft skill needs: higher education and the Fintech sector // *Journal of Education and Work*. 2023. Vol. 36.No.3. P 186–201.
8. Ouchen L., Tifroute L., El Hariri K. Soft Skills Through the Prism of Primary School Teachers. *European Journal of Educational Research*. 2022. Vol. 11.No.4. P. 2303–2313.
9. Tataurshchikova D. Soft skills. Available at: <https://4brain.ru/blog/soft-skills/> (accessed 11.07.2023).
10. Yarkova T.A. Formation of flexible skills among students in the conditions of implementation of the professional standard of a teacher. *Bulletin of the Tyumen State University. Humanitarian studies. Humanitatis*. 2016. No. 4. Vol. 2. P. 222-234.
11. Shaikhutdinova H.A. Formation of soft skills in the process of preparing students for successful professional activity. *Volga Pedagogical Bulletin*. 2020. Vol. 8. No. 2(27). P. 101.
12. Sardarova zh. I. formation of flexible skills of students. Available at: http://taisoigan.kz/redaktordan/article_post/bilim-alushylardy%D2%A3-ikemdi-dagdysyn-k%CB%8Calyptastyru (accessed 11.07.2023).
13. Serikova Zh. M. skills of the XXI century in education. <https://bilimger.kz/112728/>
14. Ayapbergenova A.Zh., Bapaeva S.T., Nurkasimova L.M., Kulymbaeva A.K. Experience of implementing the program "Soft skills" Qualification development "at the University in the context of a pandemic on the basis of the online platform" Skillfolio". Collection of materials of the II international scientific and practical conference " actual problems of theoretical and practical psychology " February 24, 2021. Available at: <https://pure.spbu.ru/ws/portalfiles/portal/76062811/.pdf> (accessed 11.07.2023).
15. Abisheva A.E., Yarullina E.M. Soft bachelor's skills: analysis of sources of formation in the gender context for employment. *Central Asian Economic Review*. 2022. No.(1). P. 60-72. Available at: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-1-60-72> (accessed 11.07.2023).
16. Makhmetova D., Sozer M. A. diagnostics of the formation of flexible skills of students in a higher educational institution. *pedagogy and psychology*. 2022. No.3(52). P. 34-42. Available at: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/998> (accessed 11.07.2023).
17. KERIS. 2015 White Paper on ICT in Education Korea. Korea: Sungbin Lim.2016.
18. Tri Nguyen Minh, Hoang Pham Duy The Impact of Digital Transformation in Higher Education: The Case Study from Vietnam. *Journal of Higher Education Theory and Practice*. 2023. Vol. 35. No.5. P. 17-26.
19. Thuy T. What is digital transformation and how important is it in this day and age. Available at: <https://dantri.com.vn/suc-manh-so/chuyen-doi-so-la-gi-va-quan-trongnhu-the-nao-trongthoi-dai-n> (accessed 11.07.2023).

Авторлар туралы мәлімет:

Нуржанова С.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты, Алматы, Қазақстан.

Стамбекова А.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты, Алматы, Қазақстан.

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Nurzhanova S.A. – Associate professor, Candidate of Pedagogical Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Institute of pedagogy and psychology, Almaty, Kazakhstan.

Stambekova A.S. – Associate professor, Candidate of Pedagogical Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Institute of pedagogy and psychology, Almaty, Kazakhstan.

Seitkazy P.B. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.